

Л 2007

85564

ӘЛЖАППАР
ӘБІШЕВ






82.218.122-3
ӘЛЖАППАР

ӘБІШЕВ

Шығармалары



1



АНА ТІЛІ

АЛМАТЫ
2007

15512100

*Қазақстан Республикасы мәдениет және
ақпарат министрлігі*

*Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Құрастырған: Раушан Әбішева

Әбішев Ә.

Ә-20 “Шығармалары”, 1-том (*Повестер*). — Алматы:
“Ана тілі” баспасы ЖШС, — 2007 ж. 280 бет.

ISBN 9965-670-59-5

Қазақстанның халық жазушысы Ә.Әбішевтің бұл кітабына “Саржан”, “Үлкен жолда”, “Ғаламат” повестері беріліп отыр.

Көпшілік оқырманға арналады.

Ә $\frac{4702250201}{00(05)-07}$ - 07

ББК 84 Қаз 7–44

ISBN 9965-670-59-5

© Әбішев Ә., 2007

© “Ана тілі” баспасы
ЖШС, 2007

ПОВЕСТЕР

САРЖАН

I

Кейбір достарым “Саржанның өлімін жаз, ескерткішің сол болсын” деген сөзді қанша айтса да, өзім қанша толғансам да қаламым бір тебіренбейтін.

Өлерінен бір сағат бұрын көргенім болмаса, Саржанның кім екенін білмейтінмін. Сонда да оның қазасы маған тым ауыр тиді. Егер оны еске түсірсем — ет жүрегім елжіреп, жаза бастасам көздің жасы сиямен бірге таматын. Сондықтан оның жайын жаза алмаспын деп күдер үзген едім, кенеттен кездескен мына оқиға осыны жазуыма себепші болып отыр.

Әңгімені басынан бастау үшін, Саржанмен кездескен күнді есіме түсіріп көрейін.

Бұл 1942 жылы апрель айының орта кезі болатын.

Даңқы әлемге тараған өзіміздің сегізінші дивизиядан келе жаттым.

Холм қаласында қоршауда жатқан әскеріне азық, қару-құрал тасып, ерсілі-қарсылы аспанда ағылып жүрген жау самолеттері пулеметтен тынымсыз оқ жаудырып, жүрісімізді өндірмей қойды. Біраздан соң күн қызып, қар суымен жол ойылып кетті де, машинамыз жүруден қалды. Бұл өлкенің бойы күн жаумай су болып, шілденің күнінде де батпағы құрғамайтын сазды жер болады екен. Қазіргі қар еріп, миын шығарған кезінде машинаны жүргізетін емес.

Менің баратын жеріме әлі де алпыс километрдей бар. Майдан жайындағы материал салынған сумкамнан басқа жүгім жоқ. Дегенмен, мынандай шегенделіп аяқты кері тартатын батпақта жаяу жүрген адамның өз денесі ауыр жүк екені белгілі. Амал жоқ, жүк ауыр, жол алыс деп, айдалада қалуға болмады, ақ қайыңнан таяқ жасап алдым да жаяу жүріп кеттім.

Біз бұрын екеу едік енді үшеу болдық. Оның бірі — бір-екі айдан бері мені бастап алып жүрген аға лейтенант Григорий Пешков дейтін өте ер көңілді, ақжарқын, жайдары жігіт. Тек жау қолында қалған әйелі мен екі баласы есіне түскен кезде ғана камыққан күйге түсіп, халықтың ескі бір мұнды әнін созып айтады да отырады.

Ал, жолдасымның екіншісі — көзі бір түскен адамның да көңілін аударарлық қызыл шырайлы коркі бар Гүлжаһан дейтін қыз. Ол Армия штабына бара жатып бүгін ғана кездескен болатын.

Үшеуіміз етеккі белге қыстырып алып, жүріп кеттік. Осыдан жиырма күн бұрын әрі бара жатқанымда немістердің алысқа ататын зеңбіректерінің снаряды осы жолдың бойына да түсіп жатушы еді: қазір алыстан естілген үні болмаса, жарылып жатқан снаряд көрінбейді. Дегенмен, әңгімеміз сол жайында болды. Соғыс басталғаннан бері ерліктің алуан түрін өз көзімен көрген Гришаның қызықты әңгімелері ұзақ жолды қысқартып жіберді. Ол бір өлмелі орыс кемпірі өртеп жіберген немістің жеті офицерінің жайын айтқан кезде мен әлденені айтқым келіп, соңымда келе жатқан Гүлжаһанға бұрылып қарап едім, ол өз ойымен өзі әуре боп келеді екен.

— Қалай, қарындас, әңгіме ұнай ма?— деп едім, ол жымыяп езу тартты да:

— Ғану етіңіз, мен кешегі бір ажалсыз адамды ойлап келе жатып, әңгімелеріңізді ести алмай қалдым,— деді.

Тың әңгімеге құлақтың елен ете қалатыны қандай, екеуіміз бірден:

— Иә, ол неткен адам?— дестік.

— Озім көргенім жоқ, көргендердің айтысына қарағанда, ар жақтағы партизандар немістерден бір самолет тартып алып, ауыр жаралы бір командирді бері жөнелткен екен. Сол самолет майдан шебінен өте бере окка ұшыпты. Ұшқыш та, жаралы командир де өліп, оларды әкеле жатқан адам ғана тірі қалыпты. Сол адамның тірі қалғанына таңым бар.

— Парашютпен түскен болар?

— Жоқ, екі мың метр биіктіктен парашютсіз түсіпті. Сонда да тірі қалған. Ғажап емес пе?

— Рас, ғажап екен,— дегеннен басқа ештеңе дей алмай, ным-шығырық ойға түстім.

Біресе жаудан тартып алған самолетпен елге қарай ұшып келе жатқандай қуанамын, біресе аспаннан құлап келе жатқандай үрейленемін. Кейде айдары ашық күні бар, кейде бүрк-бүрк еткен бораны бар түнерген түнек ойда келе жатып күннің пешкіргенін де сезбей қалыпшын.

Алдымызда: кешіксең кесе-көлденең түсіп, өткел бер-меймін деп Ловать өзені жатыр. Бүгін ерте шыққандағы ойымыз — тасып кетпей сол өзеннен өтіп алу еді. Қанша ұмтылғанымызбен жете алмадық. Өзенге он километр қалғанымызда күн батып кетті. Әрі өзіміз қалжырадық, әрі түн ішінде жолдан шығып кетіп, минаға соқтығармыз деп қорықтық та, орманға түнемекші болдық.

Токтаған жеріміз қалың орманның ортасындағы донгелек алаң. Алаңды қақ жарып терең өзек жатыр. Сол өзектің екі жағында бұрын екі үлкен деревня бар екен, қазір біреуінің орнында екі үйдің мұржасы ғана тұр. Екіншісінде ол да жоқ. Онан басқа көзге түсетін нәрсе жаудың қираған танкісі мен зенбіректерінің қалдықтары ғана.

Біз сол деревняның шығыс жақ шеткісін басып орманның ішіне кіре бере орналастық. Әп-сәтте от та жағылып, қарағайдың бұршігінен қалыңдығы жарты метр “мамық төсек” те әзір болды. Кружкада шай қайнап, ақ консерв пен қызыл қолбаса араласып, газет үстінде туралып та қалды. Енді құтыдағы спиртке де кезек келді. Екі жолдасым бір үйдің иесі де, мен солардың қонағы секілдімін.

Мен Гүлжаханмен әлі жөнді әңгімелескенім жоқ-ты... Жолшыбай тек аты-жөнің кім? Қай елдің қызысын? Қайда оқыдың? Қайдан, қашан келдің? Қазір не істейсің? Қайда барасың?— деген сияқты сұраулар ғана берген болатынмын.

Енді аңғардым, оның омырауында “Еңбек Қызыл Ту” ордені мен “Батырлығы үшін” медалі бар екен. Бұларына қарап, мен бұл қыздың елде де, майданда да құрметті қыз екенін аңғардым.

Ол менің өз өмірі жайынан сұраған сұрауларыма тез жауап бере қоймай, жыланша сумандап көкке көтерілген қызыл жалынға қарап аз отырды да:

— Мен сіздің осы жайды сұрайтыныңызды мана сезіп едім. Бірақ менің сізге айтарым басқа бір үлкен сыр. Сыр дегенде сіз мені намысы жәбір көрген қыз екен деп ойламаңыз, ол мүлдем басқа, оны ертен айтармын, бүгін мына сұрауыңызға жауап берейін, — деді.

Дәл осы сәтте сылаң жүрісті бір адам жетіп келді де, біздің әңгімемізді бөліп жіберді.

— Қайырлы түн болсын, жолдастар!— деді ол даусын саңқ еткізіп. Бір таныс кісіміз келгендей тобымыздың көбейгеніне іштей қуанып, келген адамды жылы шыраймен қарсы алдық. Ол бізбен амандасып болмастан иығындағы сумкасын жерге тастай бере:

— Немене, отындарың түнімен жағуға жете ме?— деді.

— Жетеді, дәмге келіңіз.

— Рақмет,— деп ол отқа жақындай бере бізге, біз оған қарай қалдық. Екі көзі қыран бүркіттің көзіндей, кере қарыс жазық маңдайына жараса біткен қалың қара қасы бар, жасы жиырма бес шамасындағы ұзын бойлы қара сұр жігіт екен.

— Сірә, сіз елден жаңадан келгенсіз-ау,— деді де, ол маған қарай жүрді.

Мен жөнімді айттым. Ол келіп қол алысты.

— Аға лейтенант Саржан Мұратов.

Гүлжаһан шенінің кішілігін корсетіп, ұшып тұра келіп еді, ол миығынан күлді де:

— Қара мына қарындастың төртіптісін. Ұйықтап жатқанда да қолыңды шекене қойып ұйықтаймысың? Отыр!— деді де, кенет өзгеріп:— Мен қазақ қызы болар деп, қазақша соғып жатырмын. Қателескен жоқпын ба?— деді.

Гүлжаһан “қателескен жоқсыз” дегеннен басқа ештеңе айтқан жоқ, оның өзгеше адам екенін сезгендей көзінің қиығымен бір қарады да, қайта отырды.

Біз жөн сұрап тез шүйіркелесіп кеттік. Неге екені белгісіз, ол бізді көргеніне өте қуанышты. Бірақ менің сұрауыма жауап беруден көрі, өзі маған сұрау қоюға бой ұра берді. Сұрауларының түріне қарап, мен оның көптен бері елден хабарсыз екенін сездім де:

— Сіз қашаннан бері майданда едіңіз?— дедім.

— Осы соғыс қашан басталса, сонан бері. Қалай, он ай бойы оттың ішінде аман жүру ұнай ма?

— Аман жүру кімге ұнамасын. Мына қарындас: айтқызсақ ағайдың ұнайтын әңгімелері де көп болар деп отыр, бұған не дейсіз?

— Е, неге болмасын. Бұл секілді жас қыздар қызық-қандай болмаса да, көрі қыздар қызығатын сырларым бар. Мен аяқты біраз дегдітіп алайын, сонан соң бұл бойжеткеннің де сырын айтқызармыз,— деп, ол кеудесін кере бір күрсінді де, шешіне бастады:— Е, замандастар! Әлі жаспыз, біз қартайғанша қайда деп өмірді босқа өткізбендер!

Гүлжаһан “мынау не деп отыр” дегендей маған қарап еді, мен басымды шайқадым да, Саржанның әр кимылынан көз айырмадым. Ол су болған заттарын оттың ық жағына жайды да, қолын сабындап тұрып қармен жуа бастады. Бізде әлі үн жоқ. Бір рет Гүлжаһан “өлместің жолы қандай екен сонда” деп күңк етіп еді, оны естімеді ме, жауап қатқан жоқ, тек дастарқан басына келіп отырғаннан кейін барып:

— Қарындас, сен жаңа маған бірдене айттың-ау, осы?— деді.

— Иә, ағай! Мен сізден өлмеудің жолы қандай екенін білгіім деп едім.

— Әй, қыздар-ай, өз сырларыңды жасырып, өзгенің сырын білуге құмарсыңдар-ау. Мен сенің өзінде де барды ғана айттым ғой.

— Өзінде де барды?!

— Иә. Мен кісі танысам сен өлмейтін қызсын. Қане. бәріміздің де мәңгі жасауымыз үшін, өлгеннен соң да тірілермен бірге өмір сүруіміз үшін,— деп, ол алдында тұрған арақты қағып салды.

Оның соңғы сөздері жүрегіме аялай қалған соң, бетіне қарап едім, ол өз ойымен іштей алысып, қайтадан түнере қалған екен. Менің бір түсінбей отырғаным, Саржанның осы жалт-жұлт мінезі. Ол қазірме-қазір түнереді де, қазірме-қазір жайдарыланады. Кейде ұзақ үнсіз отырып қалады. Жаңа ғана түнеріп отыр еді. “Ағайдың өзі де өлмейтін жолды енді ғана ойлап отыр-ау деймін, байқайсыз ба?”— деген Гүлжаһанға жайдары жүзбен күлімсірей қарап:

Бейхабар жүргенсіп,

Бек қатты сынайсың, —

деген бе еді, Абай атамыз, қалай еді?— деді.

Бұл сөз Гүлжаһанның намысына тиді. Шынында, ол Саржан ойлағандай жігіт сырын білсе де, білмегенсін қыздың ролін ойнап отырған жоқ, көп түнерудің ішінде қалың бір сырлар жатқанын сезгендік бар. Ол Саржанның әлгі сөзіне қынжылғандық түр көрсетіп, маған қарады.

— Ағай, мені ақтай көріңіз мына жаладан.

— Егер де Саржан ағаң сол сөзді қарындасының сынауы емес екенін біле тұра айтса, ақтай алар ма екенмін,— дедім де, Саржанға қарадым, — мұны бекер дей алмассыз?

— Сіздер мені жалғыздайын дедіңіздер-ау,— деді ол күлімсіреп, — басқа тағар айыптарыңыз жоқ болса ағат айтылған сөзіме айып етпе, қарындас.

Гүлжаһан жауабымды көзімнен ұқ дегендей бір жалт еткізді де, төмен қарады.

— Апыр-ай, мен Москваға қашан жетер екенмін?— деп, Саржан кенет басқа бір ойға толқып кетіп еді, оған жауапты жолды көп білетін Гриша берді:

— Оны темір жолға қашан жетуіңіз біледі. Мысалы, ертең кешке дейін Пено станциясына жетіп поезға міне алсаңыз, ар жағы бір жарым-ақ сутка.

— Әлі де төрт-бес күн зарығасың десеңші?

Сол сәтте елі есіне түсіп кетті ме, Гүлжаһан жалт қарап:

— Ағай, сіз үйіңізге қайтып бара жатырсыз ба?— деді.

— Жок, қалқам, үйіме хабарым барса да, өзім барғандай қуанар едім. Сендер ғой елден ай сайын хат алып тұрсындар, ә?

— Сіз ше?

— Соның сәті енді түспесе, бүгінге дейін болмай келді-ау, қалқам? Бәрінен де қарт ата-анам бар еді, солар не болды екен? Сіз ғой, біздің ел жаққа барған жоқсыз, ә? Барғаныңызбен менің әкемдей қара шал толып жатыр, білмейсіз де ғой.

Мен оның еліне барарын барсам да, оның әкесін білмейтінімді жасырғаным жоқ. Ол терең оймен отқа телмірей қарап:

— Ех, соғыс, соғыс! Аңсаумен ас ішкізіп, қайғымен дем алдырдың-ау. Қалған өмірім қасіретпен өтсе де, қабағымды бір шытпас ем, хабарым елге бір жетіп, ата-анам мен Шәрбатым қуанышпен бір күлсе,— деді де, папиросын лақтырып тастап, ойға кетті. Оның сырын білуге асыққаным сондай, Гүлжаһанның жанағы әңгімесін айтқызуды да ұмытып кеттім.

Гриша оның алдына орта кружка арақ қойды да, өңіне қарап қадалып қалды.

— Енді білдім жайынды, алып жібер, қонағым, — деді ол.

— Нені білдің?

— Алып бол, соңынан айтайын.

Саржан су аз қосылған спиртті шалқалай бере қағып салды да, дем орнына қайғы жұтқандай ауыр күрсініп:

— Солай туыскандар! Жасыратыны жоқ, адам баласы бақытқа тоймайды екен. Мен бір кезде бүкіл Совет елінің екі жүз миллион адамының біреуіне кездесем арманым болмас еді деп едім. Біреуіне емес — мыңына, мыңына емес — миллионына кездестім, бірақ тілек дегеніңіз үдей түсті. Аласқан жалғыз қаздай тобыма қосылуды арман еттім. Ол тілегіме жетіп ем, елге жетуді арман еттім. Енді елге жетіп ем, үйім арман болып келеді. Бұл арман дегеннің таусылатын күні бар ма, жоқ па? Әй, қашан көрге жеткенімізше таусылмас, сірә!— деді де, ол жантая кетті. Біз оның қиналғанын сезіп, ештеңе дей алмай, үнсіз отырып қалдық. Ол жантайып жатып аспанға тіксіне қарады да:

— Эх, аспан, аспан! Сен мұнша тайғақ болмасаң, мен ендігі Москвада отыратын едім-ау,— деді күрсіне сөйлеп.

Біз үшеуіміз бірімізге-біріміз қарастық, бірақ оның бізде жұмысы жоқ, екі көзі аспанға қараған күйі әлі жатыр. Біздің біреуіміз қозғау салмасақ үндер емес. Мен оның жанағы сөздеріне ой жіберіп, алысқа қарап отырмын. Гүлжаһан бетіме қарап, ойда екенімді тани кетті ме, қалай:

— Кешегі самолеттен құлаған осы кісі емес пе екен?— деп

күбір етті де, Саржанға қарап: — Ағай, қонақ кәдесін істеп әңгіме айтыңыз, — деді.

— Өмірге келген бәріміз де қонақтыз ғой, қарындас. Қонақ кәдесі бірімізге ғана емес, бәрімізге де борыш болсын, жалғыз-ақ сендер жанған самолет жайын сөз қылмасандар болғаны. Жасыратыны жоқ, жүрегім әлі орнықтамаған секілді, оған ғафу өтінемін.

Гүлжаһанның манағы айтқан ажалсыз адамы осы екені бізге енді белгілі болды. Бірақ ол жайын сұрар болсақ, тағы да қиналатын түрі бар. Соны сездім де, өз еркіне жібергім келіп:

— Кімге-кім әңгіме айтса да, өз басынан өткенді айтатын болсын. Біз барлық өмірімізде көргенімізді айтып берейік, ал біздің қонағымыз тек соңғы өткен он айлық өмірін айтып беретін болсын, — дедім.

Ол сәл езу тартып, басын шайқады.

— Бұл он айда көргенімді айту үшін тағы он ай керек болар. Дегенмен, көрсеткен құрметтеріңіз үшін бір күнгі жайды айтып беруге болады. Менен сұрайтындарыңыз соғыстың жайы ғой, әйтеуір.

— Әрине.

Ол сәл ойланып, батыс жаққа бір қарап алды да, сөйлей женелді.

— Соғыс басталған кезде мен Шығыс Пруссиямен шекарада едім. Сол шекарада бір кішкене өзен бар. Оны мен сіздерге картадан көрсетейін, — деп ол сумкасынан текшеленіп бүктелген көк жасыл картаны алып, алдымызға жайды. Картаға қосақталып бір қалың дәптер жүр. Дәптердің бірінші бетінде: “Егоровтың айласы”, “Аралда жалғыз қалғандаймын”, “Шәрбатымдай көрінді”, “Елді ойлап естен тандым”, “Наташа, жүрегімді ала кет”, “Сүйейін де атайын”, “Табынған тәңірім ар болды”, “Көрге қалай көмілдім, көңліме сонда не келді”, “Достық тәңірісі күшті екен, тағы да тірі қалыппын”, “Ойраны шыққан жау”, “Берлинге жетті даңқымыз”, “Көңілде жалғыз арман бар” деген сөздер тізіліпті.

Көзім соларға түскен соң, Саржанның жаңағы бастаған әңгімесін кейінге қалдырғым келіп:

— Алдымен “Достық тәңірісі күшті екен, тағы да тірі қалыппынды” айтыңыз, — деп едім, ол қынжылғандай түр көрсетіп, дәптерді қайтадан сумкасына салды да;

— Жоқ, оны айта алмаймын, — деді сұрланып. Гүлжаһанның “Наташа дегеніңіз кім?” дегеніне де жауап қатпай, қарсы алдында тұрған ну қарағайға қадалып қатып қалды. Григорийдің:

— “Сүйейін де атайын” дегеніңіздің мәнісі не? Адам баласы бірін-бірі сүйе тұра ата ма?— деген сөзіне шамданған түр көрсетіп:

— Мен сүйе тұра аттым. Мүмкін адам емес шығармын,— деді де, айбат күйіне түсіп атылғалы оқталған арыстандай кесек қозғалып, өңі бір сұрланды, бір нұрланды. Кейін білдім, біз үшеуіміздің басып отырғанымыз негізгі бір күйдің пердесі екен. Біраздан соң толғанып барып үн қатты.

— Дәл осындай биік карағай еді,— деді де, тағы тоқтап қалды. Біз оның бұл сөзінен ештеңе түсінгеніміз жоқ. Көзінің алдында өткен күннің бір қайғылы суреті тұрғанын ғана сездік. Ол біздің тілегімізге көңіл бөлместен, алысқа қадалып әлі отыр. Алыстан неміс самолетінің гүрілі естіліп еді, оны да елеген жоқ. Мұндайда Гришаның бетіне қарау маған әдет болып кеткен: сол әдетіммен бе, жоқ, әлде отты тез сөндір дегім келді ме, самолет гүрілін ести сала Гришаға қарап едім, ол құлағын алысқа тігіп, самолеттің қай тұста келе жатқанын бағдарлап отыр екен. Аздан соң аспанға бір қарады да, өзінің қауіпсіз жерге орналасқанына насаттанғандай бір жымың етіп, таяу жатқан бір қу бұтақты тізесімен төрт бөліп, оттың үстіне тастай салды.

Енді байқасам: орналасқан жеріміздің ағашы әрі қалың, әрі биік екен. Самсаған сансыз жұлдыздар да жөнді көрінбей тұр. Соған карағанда, самолеттерден бізге қауіп жоқ сияқты. Самолеттер бірте-бірте алыстап барады. Дәл соны күтіп тұрғандай жаңағы төрт бөлінген қу бұтақ оттың жалынын күшейтіп, бізді кейін шегіндіре түсті. Маңайымызда тырс еткен дыбыс жоқ. Тек, оттың жалыны күшейген сайын көлеңкеміз ұзара түсіп, ақ қардың үстімен ағаштардың арасына қарай жосылып жатыр.

— Аға! — деді Гүлжаһан шыдамы таусылғанда сабырсызданған түрде, даусы дірілдеп,— тым болмаса сол карағайдың тарихын естуді бізге қисаңыз қайтеді?

Саржан қасарысып үндемеді, Гүлжаһан мырс етіп:

— Тым қатал екенсіз, бірақ бұл қаталдық сізге онша жарасып тұрған жоқ,— деді.

Саржан жалт қаралы да, қыздың асқак ойына көзі енді ғана түскендей, түлкі көрген бүркітше сұқтана қалды. Дәл осы кезде оның өңі де қыранның қиядағы түлкіні көріп құлпырған түріне ұқсап кетіп еді.

— Мына қыз жүрегімді суырып барады, бірдене айтпасам болмас, — деді ол күлімсіреп,— үшеуіңіздің сұрап отырғандарыңыз бір қыздың ғана жайы. Бірақ жауабы үш түрлі, басталып қойған әңгімеге тез оралу үшін онан өзімнің қалай айрылғанымды ғана айтып берейін, соған риза болыңыздар! Ал, қарындас, тыңдай біл, тыңдай біл де ол қызды жүрегіне сақтай біл!

Біз тағы да тына қалдық. Оның манадан бері қарағай басына қадалған көзі енді Гүлжаһанның қара көзіне төңкерілді.

— Ол Александр Харламович дейтін дәрігердің жас оспірім қызы еді. Аты Наташа еді. Сол дәрігердің жаралы мені үйіне сақтаймын деп көрмеген азабы жоқ. Ол мен үшін дар ағашқа да асыла жаздады... Ол мен үшін талай тепкіні де көрді. Оған байланысты алуан түрлі сырлар көп, оның бәрін қазір айта алмаспын.

Жарадан жаңа айығып келе жатыр едім, бір сайқал әйелдің кесірінен, немістер менің қайда екенімді біліп қойды. Бұл үйді немістер қанша тінтсе де мені таба алмай қойған-ды, енді құтылар жер қалған жоқ. Өйткені ол әйел менің нақ қай жерде жасырынып жатқанымды білетін.

Ол сайқалдың бізге істеген бар жақсылығы шынып айтты: “Мен мас болып отырып айтып қойыппын. Оны естіген офицер әлі ұйықтап жатыр, сол оянбастан бұрын қонағыңды жөнелт!” — деп, Наташаға айтып кетіпті. Наташаның әкесі үйде жоқ еді, ауру шешесін жалғыз тастап, таңға жақын партизандарға қашып шықтық. Іле қуа немістер де шықты. Сүйенішім де, серігім де жалғыз Наташа. Ол мені сүйемелдеп келеді, мен немістермен атысуға әзір келемін. Немістер ізшіл итін жетектеп соңымыздан қуып келеді. Мендегі қару екі гранат пен бір наған, нағанымда алты оқ бар. Өмірімізге тұтқа сол ғана.

Қалың орманға енді іліге бергенімізде немістер көк қасқырдай бір итін бізге қоя берді де, екінші итін ұстап қалды. Мен енді қашып та, жасырынып та құтыла алмайтынымды біліп, ағаштың қалың ішіне кіре бере, иттің жолын тостым. Немістердің иті де өздеріндей өлермен болады екен, атқан оғым тимей кетіп еді, ол жата қалып жер бауырлап жылжыды. Мен ағашты қалқалап үнсіз тұра қалдым. Қалың шөптен қарасын көрмесем де сезім тұрмын, ит құлағын жымитып алып, тура бассалғалы келеді. Енді бет бұруға да болмай қалды. Көзім тайса — кеткенім, ит бір секірсе желкемнен ала түсетін жерде жатыр. Енді қайттім? Атайын десем, оқ жолында бұталар тұр, атпайын десем, қуғыншылар жақындап келеді. Кете берейін десем, ит қылып еткізер емес. Дүниеде итпен арбасқан қорлық екен, ыза болып не істерімді білмей тұрып қалдым. Сол сәтте менің сырт жағымда тұрған Наташа итке көрінбей барып қатарымда он қадамдай жердегі биік қарағайға шыға бере дыбыс білдіріп еді, ит соған тұра ұмтылды, сол кезде мен оны атып салдым. Оқ басына тиген болу керек, қаңқ етіп аспанға бір секірді де, қайта құлап түсті. Бірақ қауіптен әлі құтылған жоқпыз, немістердің текеше бақылдаған даусы жақын жерде және әр тұстан шықты. Олар

бізді қоршап алуға айналған екен, бір-екеуі бізді қорып қалды да, атып-атып жіберді. Қамалымыз да, қалқанымыз да қалың қарағай, соның қабатымен қаша атысып, шегіне бердік.

— Наташа, енді біз құтылмаймыз, бұлар көп, біз аз. Оқ болса таусылып келеді. Мен бұларды бөгей берейін, тым болмаса сен құтыл, сенің тірі қалуына мүмкіндік бар, тез кет!— деп едім, ол басын шайқап: “Жоқ аға”, — деді де қозден ғайып болды.

Мен немістің әзірше екеуін жайраттым. Енді екі бүйірімнен қысқалы келе жатқандары бар. Ол екі топ неміске қалған оғым да екеу-ақ. Дұрысында оларға арналған оғым біреу ғана, екіншісін өзіме жұмсамақпын. Әр ағаштан бір ұстап, әр ағашқа бір паналап ілгері жылжып келе жатыр едім, оң жақ бүйірімнен немістің төртеуі бірдей шыға келді.

Екі гранатам соған кетті. Енді қалған жалғыз оқты сол жағымда келе жатқан немістерге кезеп, жуан қарағайдың түбіне отыра қалып едім, олар нысанама іліне қоймады. Жінішке қарағайдың далдасында тұрған жуан біреуіне оғымды жіберіп едім, тимей кетті. Енді оларды қойып, өзіммен өзім алыстым. Өмірімнің соңғы минутына дейін жауды қалай, қай жерінен атуды ойласам, енді өзімді қалай, қай жерімнен атуды ойлай бастадым. Бір минут кешіксем қолға түсем. Тез өлу үшін не басымнан, не жүрегімнен атуым керек, бірақ бұл екеуін оққа қимадым. Басқа жерімнен атсам, тез олмеймін де, қолға түсіп қор болам.

Енді қайттім? Арпалысқан осындай ауыр ойда тұрып қалып едім, қасыма біреу жетіп келді де, автоматты сатырлатып қоя берді. Нағанымды өз кеудеме тірей атып тұра келсем, автоматпен бірге дірілдеп нақ қасымда Наташа тұр.

— Аға, мен де қасындамын. Ата беріңіз, атыңыз, әне, мен де біреуін жайраттым, — дейді күліп тұрғанымды көрсін дегендей көзіне түскен келтелеу алтын шашын кейін серпе басын сілкіп.

Мен көмекке бір полк әскер келгендей қуанып, не істерімді де, не дерімді де білмей, қолымды созып едім. Наташа неміс автоматын ұстата берді. Ол жаңағы жерде өлген немістің автоматы екен. Бірақ оғы аз болып шықты. Анда-санда жақындап келген жауды бір атып қойып, ілгері жылжи жөнелдік. Сонаша ызындаған оқтар айналамыздағы қарағайларға кірші-кірші қадалып жатыр. Бізді қорғап, бізді есіркеп тұрған бүкіл әлемде тек сол қарағайлар ғана сияқты.

Иттің жетегіне ерген немістер соңымыздан қалар емес. Жаңағыдай қоя берсе, екінші итті жайратып тастап, адастырып жасырынар ек, біраз жатып тынығар едік те, құтылар едік деймін ішімнен. Бірақ ол тілегім қабыл болар емес. Немістер

бізді алдағы бір мүйіске қарай ығыстырып келеді. Ойлары алаңға айдап шықпақ. Менің дәрменім алаңға жетпей-ақ бітті. Ағашқа соқтығып ұшыққан аяғым жүргізбей, бір биік қарағайды құшақтай барып жығылдым да:

— Оқ та бітті, Наташа, мен де біттім. Жау қазір алыста келеді, сен қашып құтыл,— деп едім, ол тағы да болмады. Судан өтерде керек болар деп үйден ала шыққан арқанымыз бар еді. Соны жаңағы биік қарағайдың басына байлап мені соған шығарып әкетпек болды да, арқанды алып ағаштың басына шықты. Бұл соңғы үміт еді, бұл да үзілді. Біз білменпіз, жау жақын келіп қалған екен. Наташа арқанды енді байлай бергенде, алдыңғы бір-екеуі оны атып жіберді. Мен ксудемді окқа төсей ағашқа сүйене тұра келіп ем, оттай ыстық бір нәрсе мойныма келіп орала кетті. Мұндай кезде ойдың адасқыштығы қандай, мойныма келіп оралған Наташаның білегі болар деген үмітпен ұстай алып қарасам, Наташаның өзі жоқ, оралған білек дегенім сорғалаған қан екен. Бұл кез — жүрегімнің тебіренбейтін кезі еді. Мынаны көрген соң, еріксіз елжіреп кетті. Ағашқа сүйеніп жоғары қарасам Наташа аса бір аянышты үнмен:

— Ага, ага!— деуге шамасы келіп, төбемде “ағалап” тұр. Оның қазақ сөзінен білетіні жалғыз осы “ага” деген сөз еді. Мен үйлеріне жасырынып жатқан кезімде қарт әке-шешесімен үшеуі кезек-кезек менің қасыма келіп, қызықты әңгімелер айтып, көңілімді көтеріп отыратын. Сондай көңілді кештің бірінде ол маған: “Сізді мен не деп атаймын”— дегенде, “аға” деп айт деп, үйретіп едім. Сонан бері ол мені қазақша “аға” дейтін. Ол, өлер алдында да “ағалап” жатыр; соны ести тұра қалай елжіремессің, қалай егілмессің.

Ол жерге, менің қасыма түсіп өлгісі келіп аласұрды, мен оның қасына жетемін деп аласұрамын. Бірақ жаралы аяғым ағаш басына шығармады да, менің сорыма біткендей арбиған аша бұтақтар оны жерге жібермеді. Тек жоғарыдан жауған қан бетіме тамшылап тұр.

Оның тулаған жаны — зәулім қарағайды теңселтіп тұр, бұған қарағанда ол әзір өлетін емес. Немістер қазір келеді де, шала жансар күйінде оны да, мені де ұстап алып, айуан көрмеген азаптар көрсетеді. Соны сездім де, ойланып тұруды орынсыз көріп, өзіме арнап қалдырған жалғыз окқа қарадым. Немістердің азабын қайсымыз көріп, ажал рақатын қайсымыз алсақ екен? Мен бе, Наташа ма? Оқтан сұрап тұрғаным сол!

Біресе азапқа оны тастап, ажал рақатын өзім көргім келеді. Не істерімді білмей, сәл кідіріп қалып ем, Наташаның:

— Аға, аяр болсаң тезірек ат, өне келе жатыр, тезірек!— деген ашы даусы тағы шықты.

Сондай асыл жанды ажалға қалай қиярсың, кимағанмен амал жоқ, ажалға қымай неміске қисам, адам деп мені кім айтар? Жоқ, бар азабын немістің жалғыз өзім көрсем де көнейін деген ой келді. Ендігі арманым маңдайынан бір сүйіп, қош айтысу еді, ол тілекке де жетер болмадым.

— Наташа!— дедім айқайлап, сол кезде бұтаның арасынан көзіне көзім түсіп еді, айтамын деген сөзімді де айта алмай жаудың жақындап қалғанын сезіп, нағанымды кезей бердім. Ол: “Қош, аға, қош!”— деді де көзін жұма берді, мен атып жібердім. Атқан оғымның даусына ілесе жан-жағымнан немістердің бақаша бақылдаған күлкісі де естілді. Мен енді оларды елейтін емеспін, екі көзім ағаштың басындағы Наташада. Оның ыстық қаны сорғалап келіп маңдайыма тамшылап тұр. Маңдайдан аққан қан жүрегіме кек болып орнайын дегендей кеудеме қарай жосылады. Оны да елейтін емеспін. Екі көзім әлі Наташада.

Немістер келіп темір найзамен мені түрткілей бастады. Менде әлі үн жоқ. Оларға қарайтын емеспін. Екі көзім әлі Наташада. Бірақ көп тұрғызбады, мойныма арқан салып сүйрей жонелді. Міне, мен сондай қымбат досымнан осылай айрылдым,— деді де, ол жасқа булығып қалды. Мен өзімді зорға тежеп Гүлжаһанға қарап едім, оның көзі жасқа мүлдем көміліп кеткен екен.

Саржан көзіне іркілген жасты бір мөлт еткізіп, қайтадан қайраттанып алды да:

— Бірақ Наташаның кегін жауға жібергем жоқ, соныма ғана ризамын,— деді.— Мынау дәл соғыс басталған күннен бері сақталып жүрген Шығыс Пруссияның картасы. Тірі болсам, сол шекараның шебін тағы бір үзермін деген үмітпен әлі сақтап келемін, әлі де сақтай бермекпін. Осы өзеннің бергі қабағында — біз, ар жағында — немістер тұрған,— деді де, ойланьп қалды.

Біз біресе алдымызда жайылып жатқан картаға, біресе оттай жайнаған Саржанның көзіне қарап, үнсіз отырмыз.

— Жасыратыны жоқ, бұл апатты түсімізде де көреміз деген жоқ шығармыз. Маужыраған тәтті ұйқыда жатыр едік, снарядтың гүрсілімен шошып оянып, танкінің даусын естіп түрегелдік. Жүгіріп далаға шықсақ, рақат таңның сәулесін кара түнек басып кетіпті.

Жасыратыны жоқ, қандай күшті болса да біздің жерімізге басып кіре алатын жау бар ма деп мен еш уақытта ойлаған емеспін. Кімде-кім бізге соқтықса, бүркітпен ойнаған ажалды қарғаның кебін киеді деген сенім көкіректе күшті еді. Қашан сол күн барлық жолдасымнан айырылып өзім жаралы жалғыз

қалғанға дейін жүрегімдегі сол сенімнің оты бір әлсіреген емес-ті.

Өз Отанымды осындай аса биік шың көретін сенім кеуденде қаулап тұрғанда қорқу, шегіну деген лас ой басыңа қайдан келе қойсын.

Жаудың күші қанша екенін де есептегеніміз жоқ, жерімізге түскен снаряд намысымызға тепкідей тиді де, бұйрық күштестен біз де оқты төгіп жібердік. Сол-ақ екен, оқтың емі — оқ деген ой ғой, айтып тіл жеткізе алмастай қырғын соғыс басталып, жердің беті көктің жүзі қызыл жалын, қара түнек болды да кетті.

Қара дажалдарын бетке ұстап шегіртке түсті немістер қара күрттай қаптап, автоматтан оқты жаудырып келеді.

Өліктерін таптап та келеді. Бірақ қырылғанына қарап беті қайтар емес. Ұрған сайын өршеленетін құтырған қасқырдай, өлігі көбейген сайын өршеленіп келеді.

Біздің қарсы алдымызда бір тас көпір болатын (мына қызыл найза тұрған жерде). Ауыр танкілер сол көпірден өте бере оқты да төгіп жіберді. Өздері де бізге тап берді. Сонан кейін-ақ жанымыз қысылып, ажал алқымға кеп қалды. Бір емес, бірнеше жерден жау біздің алдыңғы шебімізге келіп жетті. Жауынгерлерге берген бұйрығым өте қысқа! “Бір адым да шегінбедер!” — деген бір-ақ сөз.

Әр жауынгердің өз жүрегі де соны айтып соққан секілді, қимылдары тым кесек, шегінген түгіл, тайсалған біреуі жоқ. Жүректің шайлықпаған кезі, өлім дегеннің не екенін еске алмастан, келсен кел деп ұрып жатыр. Дегенмен, уақыты өтіп, соғыс қызған сайын жаудың тұмсығы бұзылса да, шүйдесі күжіреіе түсті. Алдыңғылары қан құса жер құшып сирегенмен, арт жағы қоюланып, үлкен тасқын кейін келеді. Қатты бір толқыса басып кететін түрі бар, түйдек-түйдегімен түйіліп келеді.

Дәл сағат жеті жарымда, біздің кейінгі мол күш келіп жетіп еді, дүниенің не болып кеткенін білмедім. Екі тау бірімен-бірі соқтығысқандай аспан жаңғырығып, жер шайқалып кетті. Жасыратыны жоқ, сол күні сондай күш көрсеткен біздің әскердің қалай шегінгеніне көзім әлі жетпейді.

Болат тонын сыпырып алсаң, немістер де бір, қоян да бір екен. Танкілері талқандалғаннан кейін көп қарсыласа алған жоқ, зыта жөнелді, біз ұран сала қуып бердік. Қан жоса болған немістер қашып келеді, біз өрттей қаулап қуып келеміз. “Отан үшін” деген айбынды үніміз улы жыланның ордасы болған Шығыс Пруссияны дірілдетіп жіберді. Пруссия — Пруссия болып жауыздықтың жалмауыз құртын еккелі қазақ даусын тұнғыш естіген сол күні болар.

Жұрт анау қызық, мынау қызық дейді, егескен жауды өкшелете қуғаннан қызық жоқ екен. Ол онымен тұра тұрсын, жауды сол қуғаннан қуа отырып, он екі километр жердегі бір қаласына дейін қудық. Бірақ жау жерінде тұр деген бұйрық жоқ, көп тұруға болмады, өз орнымызға қайта келдік.

Батальонның командирі Егоров дейтін капитан еді, ол кісі өзіне қарайтын командирлерді жинап алды да, қолымызға Шығыс Пруссияның осы картасын берді.

— Анық емес мәліметтерге қарағанда, жау біздің шекараның бірсыпыра жерінен мана таңертең-ақ өтіп кеткен сияқты. Соғысындар деген бұйрық бізге әзір келген жоқ, бірақ бүгінгі құрбан болғандарымыздың қаны үшін немістердің қанын төкпей біздің ел тыныш жата алмас. Кешікпей бұйрық та келіп қалар. Оған дейін мына карта-мен танысып, шабуылға әзір тұрыңдар!— деді.

Жасыратыны жоқ, немістердің манағы қаласына бүгін кешке дейін қайтып бармаймын деген ой менде жоқ еді. Келе әзірлене бастадык. Ерігіп жатқан біздерге бұл әзірлік онша көңілсіз болған жоқ. Тіпті, тойға баратындай қуанышты жүрміз. Көңілде бұрынғы ерігу болса, бүгінгі жауды қуған желігу тағы бар, қуанбай қайтеміз.

Бірақ күткеніміз болмады! Арада бір сағат өтпестен-ақ Егоровтан:

— Жағдай ауыр, жау бізге қазір шабуыл жасайды. Алдындағы көпірге ие бол, жаудың бірде-бір танкісі өтпесін, бір адым да шегінбендер!— деген бұйрық алдым. Бұл бұйрықта менің қорғайтын жерім белгіленген екен. Жер көлемі онша үлкен емес, бірақ бұл төңіректегі ең жауапты жер осы, жауапты жердің қаупі де үлкен ғой! Мен бөлімшелерді көпірге жақынырақ апарып орналастырдым.

Егоровтың айтқаны рас екен. Бұйрықты жауынгерлерге түсіндіріп, әзірлікті аяқтап болғаным да сол еді, мана таңертең бірде-бірі көрінбеген жау самоләті енді қара бұлттай қаптап, бомбаны бұршақтай жаудырып жіберді. Соңынан білдік, жау таңертең алғаш шабуыл бастағанда барлық самоләтін біздің қалаларымызды қапылыста бассалып молаға айналдыруға жіберген екен. Енді бізге әкеліп төкті. Көзді ашып-жұмғанша болған жоқ, қара түтіннен түк көрінбей, гүрсілдеген үннен түк естілмей жер тағы да шайқалып кетті.

Көпірдің екі жағындағы қолайлы жерге бекінген екінші, үшінші взводтың командиріне: бір адым да шегінбендер, өлсек осы жерде өлеміз дедім де, жарылған снарядтардың арасынан жүгіріп отырып, бірінші взвод жатқан жерге келдім. Олардың

орналасқан жері көпірдің нақ шыға беріс аузы болатын. Ең қауіпті жер осы. Егер осы көпірді бермесек, жау танкісі отетін жер жоқ, айналамыз терең сазды батпақ.

Біздің көпірді өліспей бермейтінімізді сезген болуы керек. немістер бұл маңға снарядты тым қалың төгіп тұр. Зеңбіректердің оғынан көкке көтеріле беріп, қайта түскен тастопырақтың арасынан алдыңғы жаққа қарасам, жаудың үйдей бір танкісі көпірдің үстіне шығып қапты. Тағдырды бір-ақ минут уақыт шешетін болды. Өйткені оған ілесе үлкенді-кішілі танкілер қаптап келеді. Бұлар тегіс өтсе бізді таптап, жүре береді, ол бір. Екіншіден: жаудың бомбасы мен ауыр снаряды біздің танкілер мен танк ататын зеңбіректерді әлсіретіп тастады, осыны сезіп дандайсыған жаудың жаңағы үлкен танкісі көпірдің үстіне шыға бере жалын шашып, от бүркіп бізге қарай ұмтылды. Дәл сол сәтте көпірдің оң жақ бұрышынан взвод командирі Таранның жайдай жарқ-жүрк етіп екі рет сермеген қолын көріп қалдым. Көзді ашып-жұмғанша болған жоқ жалын бүрк етіп, түіні аспан құшты да, жаңағы үлкен танк көпірдің бергі шетіне жете бере көлденеңдеп барып тұрып қалды. “Уh!” дедім, тарылған дүнием қайта кеңігендей болып.

Өлім мен өмір мұндай арпалысқан ауыр шағында қорқыныш пен қуаныштың итжығыс түсетіні қандай, тағы да ол ағып өткен жұлдыздай өте тез. Жаңа ғана қорқыныштың құлы болып тұрған жүрегімді енді қуаныш кернеді. Өйткені жаудың өз танкісі өзіне қақпан болып, көпірден енді өте алмасын білген кейінгі танкілер бұрылып алды да, ағаш ішіне кіріп жоқ болды.

— Көрдіндер ме, бір өзі отыз танкінің бетін қайтарған командирдің ерлігін! Төк, төге түс!— деп жаудың жаяу әскеріне оқ жаудырып жатқан оң жағымдағы пулеметчикке қарасам, ол құлап барады екен. Жүрегім мұздай қалып, қуаныш оты қайта сөнді. Мақтан да жоғалды. Таудай күйікті жұдырықтай ғана жүрегіммен сүйретіп, өлген жауынгердің қасына барсам, оқ маңдайынан тиген екен, жүзіндегі сөніп бара жатқан өмір сәулесіне бірден артық қарай алмадым. Оның сіресіп қатып қалған қолынан пулеметті босатып алдым да, оқты жаудырып жібердім. Бар айтқаным: — Сен үшін, бауырым, — дедім оқты жаудырып жатып. Айтқан иманым да, өлігіне көрсеткен құрметім де сол ғана болды.

Бұл менің өлікті тұңғыш көруім еді! Бұл менің бірінші рет күйінуім еді.

Ол соны айтты да, сәл бөгеліп қалды. Біз үшеумізде үн жоқ, екі көзіміз оның ауызында. Біз оған жалмауыздардың ұясы Шығыс Пруссияға Совет солдаттарының үнін естірткені үшін мақтаныш сезіммен қараймыз. Мақтаныш сезіммен аяқты да

еркін көсіліп жатырмыз. Иін тиістіре жантайып жатқан Гүлжаһанның шашы желмен желпініп келіп, кейде менің маңдайымнан сипаған бақыт құсының қанаты секілді сезіледі.

Жат ойдан ауақ бол, оқушым! Мен бұл жерде қызға қызығып отырғаным жоқ. Менің алдымда Саржан жайып тастаған неміс жерінің жаңағы картасы жатыр. Картаның бетінен батысқа қарай шаншылған найзаның жebesін көріп отырмын. Ол жиырма екінші июнь күні неміс жеріне қарай өткен Саржандардың ізі — қызыл қарындашпен салынған белгі ғана. Бірақ сол қызыл қарындашпен салынған найзаның белгісі менің есіме өткен бабалардың мұнан екі жүз жыл бұрын Берлинге қадаған найзасын түсіріп тұр. Мені билеген шаттық сол.

— Жалыққан жоқсыздар ма?— деді Саржан аздан соң ауыр ойдан серпіліп.

— Жоқ, біз келесі күнгі майдан жырын естуге де әзірміз.

Ол жымиып күлді де:

— Мен таң атқанша сол бір күннің жырын жырлап берсем, жарар еді. Иә, сонымен есіл ер еліне сәлем де айта алмай кете барды. Мен жауға оқ жаудырып жатып, ауық-ауық оған көз қырын тастаймын. Ол өлімге күле қараған күйі батар күнге бетін беріп, шалқасынан жатыр. Бір рет анықтап қарап едім, маңдайынан аққан қан жүрегіме кек қаһарын күйіп жібергендей болды да, бар даусыммен айғай салдым. Не дегенімді білмеймін, әйтеуір, оқ үдей түсті.

Жолдастарымды бірте-бірте жұлып, әкетіп жатқан ажал оғы мені де іздеп айналамда тіміскілеп жүр. Уақыт өткен сайын елім жақындай түсті. Есім барда өмірмен қоштасқым келіп, батып бара жатқан күнге қарап едім, күннің түсі қанмен боялғандай қып-қызыл екен, қайта қарауға дәтім шыдамады. Сатыр-гүрсілдің дүмпуімен не болғанын білгенім жоқ, есім ауып кетті.

Аздан соң есімді жиып, көзімді ашсам дүниені бір меніреу тыныштық басыпты. Снарядтың қопарған топырағы бөксемді тегіс басып қалған екен, өзімнің сонан қалай тірі қалғаным таңырқана орнымнан түрегеліп қарасам, көз жеткісіз жердің бәрі өртеніп кеткендей қап-қара. Қопарылмаған, өртенбеген, топырақ баспаған алақандай жер жоқ. Нелер кәрі емендер де түбімен қопарылып, нелер боздақтар да қан топырақпен араласып жатыр. Біздің үстімізден өте алмаған жау басқа жерден тесік тауып өткенін соңынан білдім.

Айналаға құлақ тігіп ем, соғыстың салмағы желке жағымызға қарай ауып бара жатқаны, оң жағымызды ала артта тұрған қалың ағаштың ішінде кескілескен қатты соғыс жүріп жатқаны сезілді. Бір кісіні тез штабка жібердім. Байланысымыз

мана үзілген-ді, ешқандай хабарым жоқ. Батальон қайда, полк қайда, басқаларының күйі нешік, көрші бөлімдер не күйде? Оның бәрі маған қаранғы.

Есімді жинағаннан кейін жауынгерлерімнің жайып білгім келіп жүре бастап едім, қадам басқан сайын қайғыға кездестім де, тәлтіректеп жөнді жүре алмадым. Жасыратыны жоқ, взвод командирлерінен тірісі тек Таран ғана екен. Сол екеуміз өлген жолдастарымыздың әрқайсысының басына бір барып, не істерімізді білмей сенделіп тұр едік, штабка жіберген кісім жетіп келді. Сұмдықтың сүреңін оның көзінен көре кеттім де: “Тез айт!” дедім. Оның қорыққандығы сондай, не айтып, не қойғанын білген жоқ. Онан менің бір ұққаным: немістер біздің дивизияның оң жағынан да, сол жағынан да өтіп, ту сыртымызға шығып кетіпті. Сол жағымызда ағаш ішінде соғысып жатқан біздің батальонның қалдықтары көрінеді. Егоров маған: — Бізге қарай тез шегініңдер! Қоршауда қаласыңдар! — депті.

Оның айтқаны рас екен, бірақ шегінуге үлгіре алмай қалдық. Біз дайындалып, шегініп болғанша, жау желке жағымыздан келіп оқты жаудырып жіберді. Алдымыз өзен, өзеннен әрі немістің өз елі, артымызда шегінер жер жоқ, жолымызды жау кесіп алыпты. Енді не істеу керек? Не — берілу, не — өлу, екінші бірі.

Отан алдында бір ант етсек, ажал аузында тұрып екінші рет ант еттік. Немістер оқ жаудыруын кенет тоқтата қойды да, бізге жақындай түсті. Жаңағыдай емес, әдістерін өзгертіпті. Ағаштарды бетке ұстап, бірте-бірте жақындап келеді. Ондағы ойлары бізді қолға тірідей түсіру екен.

— Ей, русь, беріліңдер! — деп айқай салды.

Мұнан үлкен қорлық болмас, мұндай маскараны естимін деп бұрын кім ойлаған. Ә дегенде мен жақындатып алып жастығымды ала өлмекші едім, мына жексұрын сөз жаныма батып кетті де, шыдай алмай оқты төккізіп жібердім. Бірақ онымнан ештеңе шықпады, ағашқа далдаланып тұрған немістердің екеуінен басқасына оғымыз дарыған жоқ.

— Енді оқ шығармандар, бір-екеуің өлген жауынгерлердің оғы мен гранатын тез жиыңдар! Бұйрықсыз атпаңдар! — деген сияқты қысқа сөздер айттым да, жау жаққа көз тіктім. Олардың өлденені айтып күліскендерін естіп ыза қайнап кетті. Амал жоқ, ақылды ызаға жеңгізіп, арзан өліммен өлуге болмайды. Екі пулеметті шоктай үйілген аз ғана тобымның екі шетіне қойып, ажалды қарсы алуға әзірлендім. Біздің өліспей беріспейтінімізді сезді ме қалай, немістер оқты боратып жіберді де, тұра ұмтылды. Не оттап келе жатқанын ұққаным жоқ, бірдене десіп шулап келеді. Автоматтан оқты төгіп те келеді. Өлімнің өзінен де үрейі

жаман екен, жанымда жатқан жауынгерлерге көз салсам, түстері жан шошырлық болып кетіпті. Тіпті, кейбіреулерін тани алмадым. Мүмкін сол кезде өзімнің өңім де бұзылып кеткен болар. Мұндайда жүрек тоқтатып, сөйлеу де қиын екен. Егер де тез от ашқызбасам, қорқыныш билеген денеге қуат кірмей қалатын, соны сезіп, бар даусыммен айғай салдым:

— Жолдастар, қоян болып тірі жүргеннен, арыстан болып өлген артық. Қолға түсіп қорлық көргенше, еркімізбен өлімге көнейік. Төк оқты, жүрек оғын төгіндер. Отан үшін, төгіндер!— деуге ғана шамам келді, ызамен жағым да қарысып қалды. Тек қолымнан от төгіліп, жүрегімнің тулап жатқанын сездім.

Жок, жаңағыдай емес, от шашылған соң жауынгерлерім жайнап кетті. Жас өмірді қиып өлу де, қолға түсіп қорлыққа көну де қиын екен. Денесінен сулап аққан қанды елеген біреуі жок, өлеріне көзі жетсе де өкінетін де түрі жок. Тек анда-санда бір күрсінеді де, оқты төге түседі. Сонан бері талай соғысты көрдім, дәл сол он жауынгердің өлер алдында көрсеткен қимылындай қимылды мен әлі көрген емеспін. Ақыл-есін араққа билеткен жаудың бұл сапарында да жолы болмай, қырылғаны қырылып, қырылмағаны жартасқа соқтыққан толқындай кейін сергілді. Бірақ біздің үстімізге енді мина жауып кетті. Оқоптың іші қанға толып, әр тұстан ауыр ыңқыл шыға бастады. Соны естігенде денем түршігіп, есімнен адаса бастап едім, біреудің іркілген қанды шалпылдата жылжып қасыма келгенін сезіп, селк ете түстім. Келген Таран екен.

— Жолдас лейтенант, менен хал кетті, — деді ол.

— Халің бітсе, көпірге қарай жылжи бер. Өз миңасының астында қалғысы келмеген жау қазір алыста тұр. Жардың астымен жағалап барып, өзіміздің кісілерге мүмкін қосылармыз, сен ойға түскенше біз жауды бөгей тұрайық. Егер біз жете алмай қалсақ, қолға тірі түспе, суға батып өлсең де өл!— дедім.

Маңдайымнан аққан қан көзімді жауып кетті ме, онан басқа ешкімді көре алмадым. Кішкенеден соң арт жағымнан Таранның:

— Жолдас командир, сіз жалғыз қалдыңыз, тез жүріңіз!— деген әлсіз үні шықты.

— Жүре бер, қазір барамын!— дедім де, көзіме іркілген қанды сүртіп тастап, екінші пулеметке үмтылдым. Минаның жанқасы аяғымды жаралап кеткен екен, оған қарауға да шамам келмеді, сүйрете басып пулеметке жеттім. Ондағы пулеметчик те ауыр жаралы екен, ол Таран екеуіміздің жаңағы сөзімізді естіген болу керек, жанталасқандай аласұрып:

— Жолдас командир, жолдас командир, мені тірі тастап кете көрмеңіз, — деп құшақтай алды.

— Жок, Саша, сені тастамаймын,— дедім. Жүрегім мұзлап, даусым дірілдеп кетті.

Дегенмен, бұрынғыдай емес, өлімге бойым үйренген секілді, жыланша ысылдаған оқтың үніне құлағым да үйреніп алды. Бірақ өмірден үмітім аз, тек қайтсем жастығымды ала өлем?— Ендігі ойым сол ғана.

Иесіз қалған екі пулеметті қатар қойып алып, екеуімен кезек-кезек ата бастадым. Оғым жауға тиіп жатыр ма, жоқ па, білмеймін. Ақырында оқ та бітті, көз де байланып, түн қараңғылығы түсе бастады. Жасыратыны жоқ, сол сәтте есім орнында болмау керек, аласұрып жүріп, өлгендерден оқ қарай бастадым. Бар тапқаным жалғыз гранат. Мұны жауға лақтырсам өзім тірі қаламын, тірі қалсам қолға түсем, онда кім болдым? Немістер енді менің жалғыз қалғанымды сезіп, ажалға қарсы келе қойған жоқ, ойлары тек қолға тірі түсіру.

Осы тірдей қолға түсу есіме түссе-ақ болғаны, өзімді өзім билей алмай кетем. Өзімді өзім билей алмағаным емес пе. Таранға берген уәдемді, тіпті, оның өзін де ұмытып кетіппін. Гранатты ұстап тұрып Сашаға қарап едім, ол менің енді неге бекінгенімді сезді де:

— Жолдас командир, гранатты жауға жұмсаңыз, біз өлеміз десек суға батып өле аламыз, — деді.

Мен оны құшақтап тұрып гранатты аяғымның астына ұрмақшы едім де, өлмекші едім, оның бұл сөзі көкейіме қона кетті. Ілгері ұмтыла түсіп, гранатты лақтырып жібердім де. Сашаны көтере жөнелдім. Жан ұшырдым ба, жоқ әлде ет қызуымен аяқтың жарасын ұмытып кеттім бе, білмеймін, құстай ұшып келіп биік жардан бір-ақ секірдім.

Су енді болғанмен терең емес екен, батып кетіп, қайта шықтық. Үстімізге немістер де келіп қалды, олардың бізге жаудырған оғы судың бетін шалпылдатып, шыжылдата жөнелді. Мына саусақты сол судың ішінде бергенмін. Қаңғырған оқтың бірі осыған, екінші біреуі Сашаның кеудесінен кеп қалалып еді, оның бір рет “ах” деуге ғана шамасы келді де, үзіліп кетті. Асыл тәнің немістің табанында тапталғанша балықтарға жем болсын дедім де, басын қайта көтергенім жоқ. Тәлпіректен тұрып қалдым. Немістер оқ атуын тоқтатты. Бірақ бүкіл дүниенің бар бақытын әкеп басыма үйсе де, жағаға шығатын түрім жоқ, судан басқа серігім тағы жоқ. Нені тілесем де содан ғана тілеп, судың саяз болғанына қынжылып, терең жерін қарап тұрмын. Олай кезіп, былай кезіп, терең суды таба алмадым да, бізді іздеген жан болса өлігімізді бір жерден тапсын деген оймен су астында жатқан Сашаның қолынан ұстап, үстіне құлап түстім.

Ол соны айтқанда Гүлжаһан дiр ете түстi.

— Ағатай-ай!— дедi ол дәл сол сәтте, суға өзi батып бара жатқандай тiтiркенiп.

Оның елжiреген жас жүрегiнен жалын атып шыққан iзгi сөз, түндей түнерiп, кайғылы күйдi шертiп отырған Саржанның ойын бөле алған жоқ. Саржан кең даланың таза ауасын тегiс жүтқысы келгендей кеудесiн кере бiр дем алды да, әңгiмесiн соза бердi:

— Өмiр шiркiннiң қымбат екенiн сонда бiлдiм. Өзiмдi қанша қинап зорласам да су астында жата алмадым, Сашаның қолынан ұстап кайта түрегелдiм. Қара жердi кайыстырғандай кара түнек басып тұр. Тек шығыс жақта өртенген қалалар мен деревнялардың сәулесi ғана кара бұлтты қызыл қанға малып, қаһар шашып тұрған секiлденедi. Көп уақыт өткен жоқ, сол өрттi сондiргiсi келгендей кара жаңбыр күйiп бердi. “Айналада жау барма, аңдап қал! Құлайтын терең су бар ма, байқап қал!” дегендей андасанда нажағай жарқылдайды! Бiрақ мұның бәрi менi сықақтап тұрғандай көрiндi де, суға тағы батып кеттiм. Тағы жата алмадым, кайта тұрдым. Суға сүнгiп шыққан сайын суарылған болат секiлдi шымырлана түскен секiлдiмiн. Бiр топ немiс қарқ-қарқ күлiп жағала тұр. Қиналып өлсiн дей ме, иттер, ерегістірсем атар, атса тез өлер едiм деген оймен немiстiң өзiм бiлетiн барлық жаман сөзiмен айғайлап тұрып сыбаймын кеп, иттер сонда да ерегісіп атпай қойды.

Қарсы алдымда манағы тас көпiр тұр. Нажағай бiр жарк еткенде көзiм соған түсiп ед, Таран есiме түстi.

— Таран, берi кел! Құшақтасып бiр жатайық! — дедiм. Даусым дiрiлдеп шықса да қатты шықты, бiрақ үн қатқан ешкiм жоқ. Қанша уақыт өткенiн бiлмеймiн, жанталасып әлi жүрмiн. Қыбыр еткен жан, тырс еткен дыбыс жоқ, жағалағы немiстер де жоғалды. Тек алыстан соғыс сарыны ғана естiледi. Ендi қайттiм? Саяз суға бата алмадым, терең суды таба алмадым, қазiр таң атады, таң атқаннан кейiн дүние жап-жарық болып, өмiр мұнан да қымбат, мұнан да қызықты болып көрiнедi. Оған алдансам қолға түсуiм сөзсiз.

Осындай алуан түрлi ойлармен алыса-алыса ақыры көпiрдiң үстiне шығып, сонан секiруге бел будым. Сашаның өлiгiн әлi тастағаным жоқ. Оны көпiрдiң астына таман әкелiп қойдым да, бөксесiн таспен бастырдым. Ондағы ойым өзiм жоғарыдан секiргенде оның, қасына құламақпын. Секiргенде аяғым қирап, болмаса есiм ауып тұра алмайтын болсам болды, отырған кiсiнiң басынан асарлық су бар.

Дыбысымды сездiрмей жылжып жағаға шықтым, тың